

# Полиэтиленді пакет – «Қауіпті тегін шикізат».

Қабылдаған: Мунайтпасова А.Н

Орындаған: 2-курс студенттері, 2-группа



# Жоспар:

## I. КІРІСПЕ

## II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### 1. Полиэтиленді пакет

#### 1.1. Полиэтиленді пакеттің шығу тарихы

### 2. Анықталған қызықты мәліметтер

#### 2.1. Қолданылуына байланысты полиэтиленді пакеттердің түрлері

### 3. Полиэтиленді пакеттің зияны

### 4. Полиэтиленді пакеттердің қолданбайдың шешу жолдары

### 5. Еуроодақ полиэтилен пакеттерді пайдалануды қысқартады

### 6. Қазақстандағы жағдай

### 7. Біздің ұсыныстарымыз

#### 7.1. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстар

## III. ҚОРЫТЫНДЫ.

## IV. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР



# Полиэтиленді пакет

- заттарды және материалдарды сақтауға және тасуға арналған полиэтиленнен жасалған қап.



# Полиэтиленді пакет – «Қауіпті тегін шикізат».

Статистикалық мәліметтер бойынша тұрмыстық жағдайда тасталатын қоқыстың 7-9 % - полиэтиленді пакет болып табылады. Басқа да пластикалық бөтелке, қаптайтын пленкалармен қоса есептегенде ол шамамен 40 %-ы құрайды.



## Тарихы

Қалыпты қап пакет ең бірінші рет АҚШ-та 1957 жылы жасалды және олар сэндвич, нан, көкөніс және жемістерді қаптауға арналды. АҚШ-та 1996 жылы осы пакеттерге 30% жуық наубайхана өнімдері қапталды. 1973 жылы Батыс Еуропада пакетті жасап шығару көлемі 11,5 млн данаға дейін жетті. 1982 жылы үлкен сауда орталықтарында сатылымда тұтқалары бар полиэтиленді пакеттер пайда болды. 2002 жылы суммалы бүкіл дүни жүзілік полиэтиленді пакетті жылына шығару көлемі 4-5 триллион диапазонында есептелді.



## **АНЫҚТАЛҒАН ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР**

**Анықталған қызықты мәліметтер: бізге белгілі пакеттердің табиғи жолмен шөгуі:**

- **сүттің пакеті – 5 жылда;**
- **пластик бөтілке – кем дегенде 100 жыл;**
- **жұқа полиэтиленді пакеттер – 10-20 жыл;**
- **полиэтиленді пленка – кем дегенде 200 жыл;**

**Қызықтысы:**

- **400 жыл – 1 полиэтиленді пакеттің табиғатта шөгу уақыты;**
- **полиэтиленді пакеттің 60 %-ы шөкпейді немесе жанбайды да;**
- **20 минут 1 полиэтиленді пакеттің пайдалану уақыты.**



# Қолданылуына байланысты полиэтиленді пакеттердің келесі түрлері бар.

1. Түссіз орама пакет
2. Көйлек-пакет
3. Ілгек қаламмен және тұтқасы бар пакеттер
4. Кесілетін пакеттер
5. Қоқысқа арналған қап пакеттер



# Полиэтиленді пакеттердің зияны

Қоршаған ортамызда тасталған пакеттер өте көп уақыт сақталады және биологиялық ыдырауға берілмейді. Осылай пакеттер тұрақты ластанудың нысаны болып табылады. Дүние жүзінде бір жылда 4 миллион пакет қолданылады. Олар 1 млн құсты; 100 мың теңіз сүтқоректілерін және сансыз балықтарды өлтіреді. Сонымен қатар, тамақ қалдықтарымен лақтырылған пакеттер сонымен қоректенетін кезбе жануарлардың тыныс алу жолдарына түседі. Жыл сайын Әлем мұхитына 6 млн. 300 мың. тонна қоқыс, оның көп бөлігі пластмасса тасталынып жатыр.









## Полиэтиленді пакеттерді қолданбайдың шешу жолдары

Полиэтиленді  
пакеттердің қоршаған  
ортаны ластауына қарсы  
күрес үшін түрлі  
шаралар жүргізіледі,  
міне 40 елде  
пластикалық пакеттердің  
өндірілуіне шектеу  
немесе тыйым салы



1. **Ресей:** пластикалық пакеттерді қолдануда ресми шектеу жоқ. Бірақ 2008 жылдан бері «ЕвроБалт» деген ресей компаниясы биологиялық ыдырайтын пластмасса бұйымдарына көшуге бастама алды.
2. **Дания:** 1994 жылдан бері тегін полиэтилен пакеттерін тарататын сауда орындарына салық енгізілген. Содан кейін Данияда полиэтиленге төлем енгізілген, осы себептен оның тұтынушылары 90% азайған.
3. **Германия:** пакеттердің қалпына келтіруіне тұтынушылар төлейді.
4. **Ирландия:** пакеттердің құны көтерілгеннен кейін қолданылатын пакеттер 94% қысқартылды. Қазір онда көп қолданбалы матадан жасалынған сөмкелер қолданылады.
5. **АҚШ.** Сан-Францискода үлкен супермаркеттер мен желілі дәріханаларда полиэтилен пакеттерін қолданбайды. Гавайй полиэтилен пакеттерін қолданыстан шығарған бірінші штат болды.
6. **Танзания:** пластикалық пакеттерді өндіру, сату немесе импорт-2000 доллар айыппұл немесе бір жыл бас бостандығынан айырады. Занзибирге пластикалық пакеттерді кіргізуге тыйым салынған.
7. **Австралия:** 2004 жылдың қаңтар айынан бастан Кенгуру аралының басқармасымен полиэтилен пакеттеріне тыйым салынған болатын. Ал 2008 жылдың аяғында супермаркеттерде пластикалық пакеттерді қолдануға тікелей тыйым салынған.
8. **Англия:** 2004 жылдың күзінде Ұлыбританияда қолданысқа бірінші рет биологиялық ыдырайтын нанға арналған пакеттер жіберілген. Өткен жылдың соңында премьер – министр Джордж Гордон Браун барлық дүкендерді пластикалық пакеттерді қағаз пакеттерге ауыстыруға шақырды. Marks and Spenser дүкендер желісі пакеттерді тегін таратудан бас тартты.
9. **Латвия:** полиэтилен пакеттерін қолданыстан шығару үшін супермаркеттерге салық енгізілді.
10. **Израиль:** 2016 жылдың наурыз айында Парламент (Кнессет) сату орындарында пакеттеріне төлем алуына заң қабылдаған.



**11. Финляндия.** Супермаркеттерде қолданылған пакеттерді қабылдайтын автомат орналасқан. Ол бұрын қолданылған пакетті екінші рет өңдейді.

**12. Қытай** 2008 жылдың 1 маусымынан полиэтилен пакеттерін шығаруға, қолдануға, сатуға тыйым салынған.

**13. Италия** 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап полиэтилен пакеттерін қолдануға тыйым салынған. Сатып алушылар өздерімен бірге биопакеттерін алып жүруге міндетті.

**14. Сингапур, Бангладеш, Тайвань** 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап полиэтилен пакеттерін қолдануға толықтай тыйым салынған.

**15. Бұндай тыйым Үнді елінде де жүзе асқан.**



# Полиэтиленді пакеттер үшін салықтар енгізілген елдер:

Мұндай пакеттермен күресті Ирландия алғашқылардың бірі болып қолға алған. Олар пакеттерге 15% көлемінде салық салды. Сол арқылы олар пакеттерді қолдануды 95%-ға дейін қысқартты. Мұндай шараларды Бангладеш, Тайвань, Шотландия, Қытай қолға ала бастады.



## Еуроодақ полиэтилен пакеттерді пайдалануды қысқартады

Орта есеппен Еуропа халқының тұрғындары жылына 99 миллиард полиэтилен пакеттерін пайдаланады . 2010 жылы ЕО әр тұрғыны 198 полиэтилен пакетін қолданды оның 90 % жіңішке пластиктен жасалаған кішкене пакеттер , мұндай пакеттер қайталап қолданысқа енбейді және қоршаған ортаға тез түседі .

Бұл мәселе былтырғы жылдың 16 сәуір күні Еуропарламентте айтылып полиэтилен пакеттердің мөлшерін 2010 жылмен салыстырғанда 50% қысқартуды қарастырды.



# Қазақстандағы жағдай

Алматы қаласында қоқыс қалдықтарын өңдеу соңғы бес-алты жылда өзекті мәселеге айналып, арнайы зауыт салу мәселесі 2004 жылы көтерілді. Содан бері, бірде жер телімін қай аймақтан беру керектігі дауға ұласса, енді бірде ол зауытты кім салатыны нақтыланбай сағызша созылып, қоқыс өңдеу зауыты өткен жылдың көктемінде іске қосылды. Жылына 200 мың тонна қоқыс өңдеуге қауқарлы кәсіпорынды салу үшін мемлекеттен 1 млрд 700 млн теңге қаржы бөлінді. Алайда көпке дейін тірліктің үдесінен шыға алмаған зауыт қоқысты өңдеуден гөрі іріктеумен көбірек айналысуда. Былтыр ол зауыт Алматы қаласының коммуналдық шаруашылық меншігіне қайта берілген болатын.

# Біздің ұсыныстар

Біз өзімізді толғандырған мәселе бойынша Алматы қаласы тұрғындарының арасында кішігірім сауалнама жүргіздік. Сонымен, тұрғындар «Қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін қандай шаралар мен қызметтер ұсынар едіңіз?» деген сұраққа мынадай жауаптар мен ұсыныстарды айтты:

- Қоқыстар мен ағаш жапырақтарын аулада жаққаны үшін, шөлмектерді, қағаздарды арнайы жәшікке салмай, лақтырғаны үшін айыппұл мөлшерін ұлғайту;
- Өздері тұрған аймақтарда сенбіліктерді жиі ұйымдастыру;
- Жазғы уақыттарда, жұртшылық көбірек демалатын жерлерде қосымша қоқыс жәшіктерін орнату;
- Қоқыстар (әсіресе, жеке меншік үйлер маңындағы) шығаруға бақылауды күшейту;
- Рұқсат етілмеген жерлерге төгілген қоқыстарды дер кезінде алып кету;
- Зауыттарда ауаны ластамау үшін сүзгілер орнату;
- Тұрғындар арасында үгіт және ағарту жұмыстарын жүргізу, экологиялық қолайлылық өздеріне қатысты және ол өздерінің балалары мен немерелеріне әсер ететіндігін жеткізе айту;
- Саябақтар мен бақ жолдарында биодәрет-ханалар орнату;
- Қалада баламалы қуат көзін орнату;





# Жүргізілген тәжірибелік жұмыстар

Полиэтиленді пакеттердің орнына экологияға зиянын тигізбейтін сөмкелерді қолданған жөн.

Біз қағаз пакеттерді ұсынып отырмыз, біз оларды «Эко-сөмкелер» деп атадық. Олар өндірісі жағынан да, қоршаған ортаға тигізетін зияны жағынан да полиэтиленді пакеттерге қарағанда төмендеу болып келеді.

Енді осы «Эко-сөмкелердің» артықшылықтарын аяқ:

Олар қолданылған қағаз өнімдерін қайта өңдеу жолымен дайындалады. Ол табиғат ресурстарын 100 % зиян тигізбеуді қамтамасыз етеді.





# Қорытынды

Миллиардтаған жылдар барысында тірі ағзалардың көбеюі, өсуі, зат алмасуы мен белсенділігі, планетаның беткі бөлігін толық өзгеріске ұшыратты. Сөйтіп жылдан-жылға биосфера дамуда. Соның ішінде Вернадский өз үлесін көп қосты. 1926 жылы Ленинград қаласында 3 жылдан соң Парижде және кейінірек Берлинде В.И. Вернадский «Биосфера» деген жалпы атпен «Космостағы биосфера», «Өмір аймағы» атты очерктері жарық көрді. Жалпы биосфера – тіршілік қабаты, яғни біздің тірі ағзаладың тіршілік жасатын Жер шарының бір бөлігі.



# Пайдаланылған әдебиет:

1. Оспанова Г.С., Бозшатева Г.Т.

Экология. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2002. – 405 бет.138-158 беттер

2. Ғаламтор желісі





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**

**Сіздерге жүректің  
жылулығын, жанның  
сұлулығын тілеймін!!!**

